



«БЕКІТЕМІН»
«ОКМА» АҚ ректоры
М. Рысбеков
2022 ж.



**ІШКІ ЕҢБЕК ТӘРТІБІНІҢ
ЕРЕЖЕСІ**

П 044/20I-2022

Күні	Көшірмесі	Баспасы
		үшінші

Шымкент

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/201-2022
Ішкі еңбек тәртібінің ережесі	№3 басылым 20 беттің 2 беті

- 1 «ОҚМА» АҚ Кадрлық қызмет бөлімі **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗДІ.**
Хаттама № 2 « 24 » 08 20 22 ж.
- 2 «ОҚМА» АҚ Ғылыми Кенес шешімімен **КЕЛІСІЛДІ,**
Хаттама № 1 « 31 » 08 20 22 ж.

Тексеру кезеңі – 3 жыл

МАЗМҰНЫ

1.	Нормативтік сілтемелер	4
2.	Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар.....	4
3.	Жалпы ережелер	5
4.	«ОҚМА» АҚ басшылығының негізгі міндеттері.....	5
5.	Жұмыскерлердің негізгі міндеттері.....	7
6.	Жұмыс уақыты және демалыс уақыты.....	8
7.	Тәртінтік жаза және еңбек тәртібін бұзу.....	9
8.	Оку тәртібі.....	10
9.	«ОҚМА» АҚ ғимараттарындағы тәртін	14
10.	Бақылау жүйесін пайдалану ережелері және қосуды басқару (БЖҚБ).....	16
11.	Бейнебақылау жүйесі туралы	18
12.	Қорытынды ережелер	19

<p>ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Кадрлық қызмет бөлімі</p> <p>Ішкі еңбек тәртібінің ережесі</p>		<p>E 044/201-2022 № 3 басылым 20 беттің 4 беті</p>

I НОРМАТИВТІК СЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып өзірленген:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, № 414-V 23.11.2015 ж. (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заны, № 171-VI 04.07.2018 ж. (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заны, № 410-V 18.11.2015 ж., (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігінің «Ұйымдагы қауіпсіздік және қорғау қызметі туралы үлгі ережені бекіту туралы» 25.12.2015 ж. №1020 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен);
- «ОҚМА» АҚ Жаргысы;
- ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік;
- СТ РК 3049-2017. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесі. Талаптар мен пайдалану бойынша нұсқаулық (ISO 37001:2016. Жемқорлыққа қарсы басқару жүйелері. Талаптар мен пайдалану бойынша нұсқаулық).

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта келесі терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар пайдаланылады:

- | | |
|--|---|
| <p>«ОҚМА» АҚ</p> <p>ӘБП</p> <p>ЖОО</p> <p>КТБО</p> <p>КҚБ</p> <p>ҚҚП</p> <p>ПОҚ</p> <p>КР</p> <p>БЖҚБ</p> <p>СМЖжМ</p> | <ul style="list-style-type: none"> - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы, - әкімшілік-басқару персоналы, - жоғары оқу орны, - компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы, - кадрлық қызмет бөлімі, - қызмет корсету персоналы, - профессорлық-оқытушылар құрамы, - Қазақстан Республикасы, - бақылау жүйесін пайдалану ережелері және қосуды басқару, - сапа менеджменті жүйесі және мониторинг. |
|--|---|

<p>ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>Кадрлық қызмет бөлімі</p> <p>Ішкі еңбек тәртібінің ережесі</p>	<p>E 044/201-2022 № 3 басылым 20 беттің 5 беті</p>
--	---	---	--

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Осы Ішкі еңбек тәртібі ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ-да (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) ішкі (еңбек және білім беру) тәртінтерін айқындау және белгілеу мақсатында әзірленген.

3.2. Осы Ереже еңбек ұйымындағы қатынастарды және оку үрдісін реттеу тәртібін көздейді.

3.3. Ережелер «ОҚМА» АҚ-да жұмыстың басталу және аяқталу уақытын, олардың арасындағы үзілістерді, студенттердің оку сабактарының ұзақтығын, жұмыскерлердің жұмыс уақыты мен демалыс уақытын, еңбек және оку тәртібін қамтамасыз ету шарттарын, сондай-ақ «ОҚМА» АҚ-да болудың басқа ережелері мен нормаларын белгілейді.

3.4. Ішкі (еңбек) тәртінді қамтамасыз ету мақсатында «ОҚМА» АҚ әкімшілігі қызметкерлер мен білім алушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасымен, «ОҚМА» АҚ Жарғысымен және осы Ережемен жүктелген міндеттерді орындауына бақылауды жүзеге асырады.

3.5. «ОҚМА» АҚ-да еңбек және оку тәртібі қызметкерлер мен білім алушылардың еңбек және оку қызметтерін саналы және адаптацияны негізделеді және жоғары еңбек онімділігі мен жоғары сапалы білім алудың қажетті шарты болып табылады.

3.6. Еңбек және оку тәртібі «ОҚМА» АҚ әкімшілігінің қызметкерлер мен оқу-тәрбие үрдісініе қатысушылардың еңбекке және окуға саналы түрдегі қатынасын сендері, мадақтау әдістерімен, сондай-ақ теріс қылышқа жасағаны үшін тәртінтік жаза қолдануға, қажетті ұйымдық-экономикалық жағдайлар жасау арқылы қамтамасыз етіледі.

3.7. Ішкі (еңбек) тәртін ережелерін қолдануға байланысты барлық мәселелерді «ОҚМА» АҚ әкімшілігі өз құзыреті шегінде шешеді.

3.8. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі және «ОҚМА» АҚ ұжымдық шарты және жоо Келісім комиссиясы негізінде жұмыскерлер мен жұмыс берушінің арасындағы мүдделер қақтығысын шешу.

3.9. Ішкі еңбек тәртібі жұмыс беруші, жұмыскерлер, білім алушылардың және «ОҚМА» АҚ аумағында болатын басқа да тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

4 «ОҚМА» АҚ БАСШЫЛЫГЫНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРИ

«ОҚМА» АҚ басшылығы азаматтық, еңбек заңнамасының, білім туралы заңнаманың және осы Ереженің нормаларын басшылыққа ала отырып, келесіге міндетті:

- «ОҚМА» АҚ-ның ПОК және басқа қызметкерлерінің жұмысын әркім өз мамандығы мен біліктілігі бойынша жұмыс істейтін, оздеріне бекітілген жұмысы болатында етін ұйымдастыруға;

ОНДІРІСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі		Е 044/201-2022
Ішкі еңбек тәртібінің ережесі		№ 3 басылым 20 беттің 6 беті

- жұмыскерлерге уақтылы тапсырма беру, оларды барлық қажетті материалдармен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, денсаулық пен қауінсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуғе;
- заманауи өндірістің, ғылымның, техниканың, мәдениеттің талаптарын және олардың даму перспективаларын және еңбекті ғылыми ұйымдастыруды ескере отырып, мамандарды даярлау сапасын арттыру үшін жағдай жасауға;
- оқытудың озық әдістерін зерделеу мен енгізуі үйымдастыруға;
- «ОҚМА» АҚ оқу-өндірістік шеберханаларында (шаруашылықтарында) ауыр және еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыруға;
- еңбек және оқу тәртібін барлық жағынан нығайтуға;
- еңбек жағдайын жақсартуға, еңбек заңнамасын қатаң сақтауға, барлық жұмыс орындарын тиісті техникалық жарақтандыруды қамтамасыз етуғе және тиісті қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерімен (қауінсіздік ережелері, санитарлық нормалар мен ережелер және т.б.) еңбек жағдайларын жасауға;
- осы Ережелерде қауінсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ететін қажетті талаптар болмаған жағдайда, «ОҚМА» ОҚ басшылығы тиісті еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауға;
- бөлмелерді күтін ұстауды, жылытуды, жарықтандыруды, желдетуді, құрал-жабдықтарды дұрыс ұстауды қамтамасыз етуғе, «ОҚМА» АҚ білім алушылар мен келушелерінің сыртқы киімдерін сақтау үшін қалыпты жағдай жасауға;
- өндірістік жарақаттануды болдырмайтын қауінсіздік пен еңбекті қорғаудың заманауи құралдарын енгізуғе, жұмыскерлер мен студенттер арасында кәсіптік және басқа да аурулардың туындауын болдырмайтын санитарлық-ғигиеналық жағдайларды қамтамасыз етуғе;
- жұмыскерлер мен студенттердің санитарлық және еңбек ғигиенасын, орт және ішкі қауіпсіздік нормаларын, ережелерін сақтауын үнемі бақылауға;
- «ОҚМА» АҚ барлық жұмыскерлеріне еңбек демалыстарын уақытылы беруді қамтамасыз етуғе;
- жалақы мен шәкіртақыны уақытылы беруғе;
- еңбек өшімділігін арттыру, жұмыс сапасын жақсарту үшін жағдайды: еңбекті моральдық ынталандыру рөлін арттыру және жұмыскерлер мен білім алушыларды котермелегендегі мәселелері арқылы шешуғе;
- «ОҚМА» АҚ-ның ПОҚ және басқа да жұмыскерлерінің іскерлік (ондірістік) біліктілігін жүйелі түрде арттыруды қамтамасыз етуғе;
- ұжымда іскерлік, шығармашылық органды құруға жәрдемдесуғе, өндірістік жиналыстар мен қоғамдық қызметтің басқа да нысандарын толық пайдалана отырып, жұмыскерлердің бастамасы мен белсенділігін қолдауға және дамытуға, «ОҚМА» АҚ еңбек ұжымына айтылған сындарды қарастыруға, уақытылы және қажетті шараларды қабылдауға.

4.2. «ОҚМА» АҚ басшылығы жұмыскерлердің, білім алушылардың, сондай-ақ олардың ата-аналарының немесе басқа занды окілдерінің «ОҚМА» АҚ Ішкі еңбек тәртібінің Ережелерімен танысуын қамтамасыз етеуғе;

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Онтыстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет белгі	E 044/201-2022
Ішкі еңбек тәртібінің ережесі	№ 3 басылым 20 беттің 7 беті

4.3. «ОҚМА» АҚ басшылығы, жұмыс берушіде сақталатын жеке деректердің қоргалуын қамтамасыз етуге міндетті.

5 ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРИ

5.1. «ОҚМА» АҚ жұмыскерлері міндетті:

- шынайы және адал еңбек етуге;
- оку, ғылыми, әдістемелік және тәрбие жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізуға;
- қызмет бағыттары бойынша жүктелген жұмыстарды уақытыны орындауға;
- ғылыми зерттеулер жүргізуға және олардың нәтижелерін практикалық денсаулық сақтауға енгізуға;
- оку үрдісіне инновациялық технологияларды енгізуға, студенттер арасында тәрбие жұмысын жүргізуға;
- білім алушылардың өзіндік жұмысын және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға көмектесуға және басқаруға;
- кәсіби деңгейін үнемі және жүйелі түрде арттыруға; теориялық білімдерін, практикалық тәжірибесін, ғылыми жұмыстарды жүргізу әдістемесін, педагогикалық шеберлігін жетілдіруге; ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға;
- еңбек тәртібін сақтауға, «ОҚМА» АҚ-да белгіленген жұмыс уақыты мен оны пайдалану тәртібін нақты сақтауға;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау нормаларының, ережелер мен нұсқаулықтардың талаптарын сақтауға;
- ондірістік жарақат, жұмыскерлердің денсаулығының басқа да зақымдануы, кәсіптік ауру (улану) белгілері, сондай-ақ адамдардың омірі мен денсаулығына қауін төндіретін жағдайлар туралы ректорға және/немесе жауапты қызметкерлерге дереу хабарлауға;
- жұмыс беруші беретін жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын қатаң түрде қолдануға және мақсаты бойынша пайдалануға;
- жұмыс орнын таза және ұқыпты ұстауға;
- «ОҚМА» АҚ мүлкін қорғауға және нығайтуға, мүліктің дұрыс жұмыс істеуін және сақталуын қамтамасыз етуға, жабдықтарды, аппараттарды, құралдарды, кітап қорын, инвентарларды және т.б. тиімді және қауінсіз пайдалануға;
- «ОҚМА» АҚ бөлмелері мен аумағында тазалықты сақтауға;
- өзін абырайлы ұстауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға, басқа жұмыскерлердің өз міндеттерін орындаудына кедергі келтіретін әрекеттерге жол бермеуге;
- «ОҚМА» АҚ оқытушысының ар-намыс Кодексін сақтауға.

5.2. Әрбір қызметкердің мамандығы, біліктілігі немесе лауазымы бойынша орындағытын еңбек міндеттері белгіленген тәртінпен бекітілген лауазымдық нұсқаулықтармен және ережелермен айқындалады.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	Кадрлық қызмет бөлімі Ішкі енбек тәртібінің ережесі	E 044/201-2022 № 3 басылым 20 беттің 8 беті
---	--	--	--

6 ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС УАҚЫТЫ

6.1. «ОҚМА» АҚ қызметкерлері үпін екі демалыс күні (сенбі және жексенбі) бар бес күндік жұмыс аптасы белгіленген.

6.2. Профессорлық-оқытушылар кұрамы үшін:

- бес күндік жұмыс аптасында (аптасына 36 сағат) күнделікті жұмыстың ұзақтығы 7 сағат 12 минут (7,20 сағат);

6.3. «ОҚМА» АҚ ПОҚ оқу сабактарының кестесіне, оқу жүктемесіне және жеке жоспарға сәйкес жұмыс істейді.

6.4. ПОҚ жұмыс күні ішінде оқу жоспарына, ғылыми жұмыс жоспарына және жеке жоспарға сәйкес оқу, тәрбие, әдістемелік, ғылыми, ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру, тәрбие жұмыстарының барлық түрлерін жүргізуі тиіс.

6.5. Оқу жүктемесінің орындалуын және дұрыс есепке алынуын бақылау кафедра меншерушілеріне және оқу-әдістемелік орталыққа жүктеледі.

6.6. Оқу сабактарының кестесінің, ПОҚ жұмыс уақытының кестесінің сақталуын, жеке жоспарлардың орындалуын бақылауды тікелей кафедра меншерушілері, факультет декандары, оқу-әдістемелік орталық жүзеге асырады.

6.7. ӘБП, ОКП және ҚҚП қызметкерлері үшін келесі жұмыс уақыты белгіленсін: дүйсенбі-жұма, жұмыс уақыты 09.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін.

Оқу үдерісін қамтамасыз ету бойынша ОКП жұмысын оңтайлы ұйымдастыру үшін жеке жұмыс уақытының кестесі белгіленуі мүмкін.

6.8. Күнделікті жұмыс кезінде қызметкерлерге демалыс және тамақтану үшін жұмыстан үзіліс беріледі. Демалыс және тамақтануға арналған үзілістер жұмыс уақытына кірмейді. Үзіліс кезінде қызметкер жұмыс орнын тастап кете алады.

6.9. I – II топтағы мүғедектер үшін жұмыс уақыты атапсына 36 сағат болып белгіленеді.

6.10. ҚР Еңбек Кодексінің 86-бабында (өзгертулер мен толықтырулармен) көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыс берушінің бастамасы бойынша демалыс және мереке күндері жұмыс істеуге жұмыскердің жазбаша келісімімен жол беріледі.

6.11. Демалыс және мереке күндері жұмыскердің бастамасы бойынша жұмыс істеу жұмыс берушінің актісі негізінде рұқсат беріледі.

6.12. Демалыс және мереке күндеріндегі жұмысы үшін жұмыскерге оның өтініші бойынша басқа демалыс күні беріледі немесе осы Кодекстің 109-бабында белгіленген мөлшерде ақы толенеді.

6.13. Ауысымдар арасындағы демалыс ұзақтығы 12 сағаттан кем болмауы керек.

6.14. Ауысымдық жұмыс жатақхана, әскери кафедра қызметкерлеріне белгіленеді: кезекшілер, вахтерлар.

Кезекшілер, вахтерлар үшін жұмыс ауысымының ұзақтығы белгіленген тәртінпен бекітілген ауысым кестесімен белгіленеді.

6.15. Ауысым кестесін құрылымдық бөлім басшылары жасайды, тиісті бағыт бойынша проректормен келісіледі және «ОҚМА» АҚ ректоры бекітеді.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	Кадрлық қызмет бөлімі Ішкі еңбек тәртібінің ережесі
		Е 044/201-2022 № 3 басылым 20 беттің 9 беті

6.16. Жұмыскер еңбек шартына сәйкес толық емес жұмыс күніне немесе толық емес жұмыс аптасына жұмысқа қабылдануы мүмкін.

6.17. Қосымша жұмысты жұмыскер негізгі жұмысынан бос уақытында еңбек шартының талаптары бойынша орындалады.

6.18. Қосымша жұмыстың жұмыс тәртібі еңбек шартында белгіленеді. Бұл ретте қосымша жұмыс уақыты күнделікті жұмыс ұзактығы үшін белгіленген нормадан 4 сағаттан аспауы керек.

6.19. «ОҚМА» АҚ-да сағаттық төлем шартымен жүргізілетін педагогикалық жұмыс негізгілауазым бойынша жұмыс уақытынан тыс орындалады. Незізгі жұмыс орны мен қосымша жұмыс уақытының жалпы ұзақтығы КР Еңбек Кодексінің 68, 71 баптарына (озгертулер мен толықтырулармен) сәйкес белгіленеді.

7 ТӘРТІПТІК ЖАЗА ЖӘНЕ ЕҢБЕК ТӘРТІБІН БҰЗУ

7.1. Жұмыскердің, еңбек шартында белгіленген, тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін осы Ережелерде тәртіптік жазалардың мынадай түрлері көзделген:

- ескерту;
- согіс;
- қатаң согіс;
- жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу.

7.2. КР Еңбек Кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделмеген тәртіптік жазаларды қолдануға жол берілмейді.

7.3. Жұмыскерге немесе білім алушыға тәртіптік жаза «ОҚМА» АҚ ректорының бүйрығымен қолданылады.

7.4. Тәртіптік жаза қолданылғанға дейін жұмыскерден немесе білім алушыдан жазбаша түсініктеме талап етілуғе тиіс. Егер екі жұмыс күні откеннен кейін жазбаша түсініктеме берілмесе, тиісті акт жасалады.

7.5. Жұмыскердің немесе білім алушының түсініктеме бермеуі тәртіптік жаза қолдану үшін кедергі болып табылмайды.

7.6. Тәртіптік жазалар, бұзушылық анықталған кезден бастап, бірақ анықталған күннен бір айдан кешіктірілмей және КР Еңбек Кодексінің 66-бабына сәйкес ол жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей қолданылады.

7.7. Жасалған тәртіптік теріс қылық үшін жұмыскерге тек бір тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін. Тәртіптік жазага занда белгіленген тәртінпен шағым жасалуы мүмкін.

7.8. Ректордың жұмыскерге тәртіптік жаза қолдану туралы бүйрығын келесі мерзімдерге шығаруға болмайды:

- жұмыскердің еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде;
- жұмыскердің мемлекеттік немесе қоғамдық тапсырмаларды орындау кезінде жұмыстан босатылған уақытында;
- жұмыскердің демалысы кезінде;
- жұмыскер іс-сапарда болған кезде.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	E 044/201-2022
Ішкі еңбек тәртібінің ережесі	№ 3 басылым 20 беттің 10 беті

7.9. Кадрлық қызмет бөлімі/деканат жұмыскерді/білім алушыны тәртінтік жаза колдану туралы бұйрықпен қол қойып танысуға бұйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде таныстыруға міндетті.

7.10. Жұмыскер/білім алушы бұйрықпен тансуын оз қолымен растаудан бас тартқан жағдайда, тәртінтік жаза қолдану актісіне тиісті жазба жасалады. Жұмыскерді/білім алушыны тәртінтік жаза қолдану туралы бұйрықпен жеке таныстыру мүмкін болмаған жағдайда, кадрлық қызмет бөлімі/деканат жұмыскерге/білім алушыға тәртінтік жаза қолдану туралы бұйрықтың көшірмесін, бұйрық шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, белгіленген мерзімде хабардар етумен хатпен жіберуге міндетті.

7.11. КР Еңбек Кодексінде козделген негіздер бойынша еңбек шартын бұзуды қоспағанда, тәртінтік жазаның мерзімі ол қолданылған күннен бастап алты айдан аспайды.

7.12. Егер тәртінтік жаза қолданылған адам жаңа теріс қылық жасамаса және өзін адаптациялық ретінде корсете білсе, тәртінтік жаза тікелей болім басшысының ұсынысы бойынша «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен мерзімінен бұрын алғынды тасталуы мүмкін.

8 ОҚУ ТӘРТІБІ

8.1. Оқу жылы бекітілген оқу күнтізбесіне сәйкес басталады.

8.2. «ОҚМА» АҚ оқу сабактары белгіленген тәртіппен бекітілген оқу жоспарылары мен бағдарламаларына сәйкес кесте бойынша өткізіледі.

8.3. Оқу кестесі академиялық кезеңде құрылыштық, «ОҚМА» АҚ сайтында және ақпараттық жүйесінде орналастырылады.

8.4. Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім бағдарламалары бойынша аудиториялық сабактардың барлық түрлері үшін бір академиялық сабак оқу жұмысының барлық түрлеріне 50 минутқа тең. Техникалық және кәсіптік орта білімнің білім беру бағдарламалары бойынша аудиториялық сабактардың барлық түрлері үшін бір академиялық сағат 45 минутқа тең және 2 академиялық сағаттан кейін 10 минутқа үзіліс беріледі.

8.5. Эрбір оқу сабағы басталар алдында (және сабақ арасындағы үзіліс кезінде) аудиторияларда, ондірістік оқу кабинеттерінде (зертханаларда, шеберханаларда), лаборанттар мен ассистенттер қажетті оқу материалы мен құралжабдықтарды/аппараттарды дайындайды.

8.6. Тәжірибелік сабактарды, зертханалық жұмыстарды аудиторияларда, зертханаларда, емханаларда (оқу шеберханаларда) және оқытушының жетекшілігімен білім алушылардың өзіндік жұмысын өткізу үшін ректордың бұйрығымен әрбір курс ақымдар мен топтарға бөлінеді.

8.7. Эр топта ректордың бұйрығымен топ жетекшісі тағайындалады.

8.8. Топ жетекшісінің міндеттеріне мыналар жатады:

- білім алушылардың сабакқа келмеу себептерін корсете отырып, факультет деканына хабарлау;

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Кадрлық қызмет бөлімі</p> <p>Ішкі еңбек тәртібінің ережесі</p>		<p>Е 044/201-2022</p> <p>№ 3 басылым</p> <p>20 беттін 11 беті</p>

- оку тәртібін қамтамасыз ету және оку тәртібінің бұзылуы туралы деканға хабарлау;

- сабак кестесіне енгізілген өзгерістер туралы білім алушыны хабардар ету, деканаттың бұйрықтарын, нұсқауларын, ақпараттарын барлық білім алушылардың назарына жеткізу.

8.9. Топ жетекшісі құқылы:

- оку үдерісін жақсарту бойынша ұсынытармен факультет деканына немесе кафедра меншерупісіне хабарласуға;

- оқытушы болмаған жағдайда бұл туралы факультет деканына немесе кафедра меншерупісіне хабарлауға;

- білім алушылардан факультет жұмысына қажетті ақпаратты жинауға;

- факультет деканына білім алушымен оқытушының академиялық адалдық қағидаларының бұзылғаны туралы хабарлауға;

8.10. ПОҚ оку және электронды журнал жүргізеді.

8.11. «ОҚМА» АҚ білім алушылары мыналарға міндетті:

- білім беру бағдарламаларына сәйкес теориялық, практикалық дағдыларды жүйелі және терең меншеруғе;

- оку тәртібін сақтауға, Ішкі еңбек тәртібін, қауінсіздік және еңбекті қорғау, орт қауінсіздігінің нормалары, ережелері мен нұсқаулықтарының талаптарын, «ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға арналған орындарды бөлу және тұру ережелерін, т.б. жерғілікті актілер мен «ОҚМА» АҚ басшылығының өкімдерін орындауға;

- оку сабактарына қатысуға және оку жоспары мен бағдарламаларында көзделген тапсырмалардың барлық түрлерін уақытылы орындауға;

- оку кезінде «ОҚМА» АҚ-да белгіленген киім үлгісін сақтауға;

- «ОҚМА» АҚ қабырғасында оку сабактары, аралық және қорытынды бақылау және де басқа оку іс-шаралары кезінде мобиЛЬДІ (ұялы) сымтетіктерді өшіруге;

- академиялық адалдықтың бұзылуын байқауға және төзбеушілік танытуға;

- «ОҚМА» АҚ Әдеп кодексін және академиялық адалдықты сақтауға.

8.12. Жіберілген сабактар белгілі (ауруына, отбасылық жағдайларына немесе басқа да объективті себептерге байланысты) себептерді растайтан құжаттар ұсынылған кезде отеледі. Білім алушы анықтаманы сабакқа келген күннен бастап 5 жұмыс күннен кепшіктірмей беруге міндетті. Растайтын құжаттар болмаған жағдайда немесе деканатқа 5 жұмыс күннен кепшіктіріліп ұсынылған жағдайда, себеп негізсіз деп танылады. Білім алушы деканның атына өтініш жазып, мерзімі корсетілген жұмыс парагын алады, оның мерзімі деканаттан алған күннен бастап 30 күн ішінде жарамды.

8.13. Аралық және қорынтынды бақылау бекітілген кестеге сәйкес арнайы бөлінген және техникалық жабдықталған аудиторияларда прокторлар мен емтихан қабылдаушының қатысуымен жүргізіледі.

Емтихан кезінде білім алушыларға тыйым салынады:

- емтихан тапсыру орнын оз бетінше өзгертуғе;

<p>ONTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Онтыстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Кадрлық қызмет бөлімі</p> <p>Ішкі еңбек тәртібінің ережесі</p>		<p>E 044/201-2022 № 3 басылым 20 беттің 12 беті</p>

- компьютерді өшіруге немесе қосуға, тестілеу бағдарламасынан басқа компьютерлік бағдарламаларды ашуға;
- окулықтарды, анықтамаларды, параптарды, ұялы сымтетіктерді, смарт сагаттарды және басқа электрондық құралдарды пайдалануға;
- компьютерге басқа электронды құрылғыларды, соның ішінде флэш карталарды, қатты дискілерді және басқа ақпаратты сақтау құрылғыларын қосуға;
- компьютер параметрлерін озгертуғе;
- интернетті, кез келген жергілікті немесе ғаламдық желі ресурстарын пайдалануға, қашықтағы жұмыс үстеліне қосылуға;
- хабарламалармен, қағаз жазбалармен алмасуға;
- ұялы сымтетікпен сөйлесуге;
- басқалардың назарын емтиханнан аударуға, қатты сөйлесуғе, өзін дөрекі ұстауға, этикалық нормаларды бұзуға;
- сондай-ақ академиялық адалдық Кодексінде, «ОҚМА» АҚ аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу Ережелерінде көрсетілген басқа да жағдайларды бұзуға.

8.14. Емтихан кезінде мінез-құлық ережелерін бұзған жағдайда (шпаргалка және ұялы байланысты пайдалану, басқа емтихан тапсырушымен сөйлесу және т.б.) білім алушы аудиториядан шығарылады, емтихан нәтижелері жойылады, емтихан парағында «қанағаттанарлықсыз», «F», «0» бағалары қойылады. Емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді. Білім алушы оқу пәніне/модуліне ақылы негізде қайта тіркеледі, оқу сабактарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарлама бойынша оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

8.15. Білім алушылар міндетті:

- емтиханға бекітілген кесте бойынша келуғе;
- өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты болуы тиіс;
- бақылаушылар мен тексерушілердің нұсқауларын орындауға.

8.16. Білім алушылар «ОҚМА» АҚ мен клиникалық базалардың мүлкіне (сенін тапсырылған инвентарлар, оқу-әдістемелік құралдар, кітаптар, құрылғылар, электронды рұқсат карталар және т.б.) абайлас мүқият қарауы тиіс. Пәнді оқуды аяқтағаннан кейін білім алушылар окулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды Кітапханалық-ақпараттық орталыққа тапсыруға міндетті. Білім алушыларға «ОҚМА» АҚ басшылығының рұқсатынсыз зертханалардан, оқу бөлмелерінен және басқа да бөлемелерден заттар мен әртүрлі жабдықтарды шығаруға тыйым салынады.

8.17. Білім алушылардан тек оқу орнындаған емес, клиникалық базаларда және қоғамдық орындарда тәртін пен дұрыс мінез-құлық сақтау талап етіледі.

8.18. Білім алушылар барлық оқу ғимарттарында және оқу-өндірістік бөлмелерде тиісті тазалық пен тәртін сақтауға міндетті.

8.19. Себепсіз себептермен жіберілген сабактар өтелмейді.

8.20. «ОҚМА» АҚ түлектері қолданыстағы заңнамаға және «ОҚМА» АҚ Академиялық саясатына сәйкес міндетті түрде жұмысқа орналасуға жатады.

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA 1879</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Кадрлық қызмет бөлімі</p>	<p>Ішкі енбек тәртібінің ережесі</p>	<p>E 044/201-2022 № 3 басылым 20 беттің 13 беті</p>

8.21. Білім алушыға академиялық демалыс сырқатына байланысты амбулаторлық-емханалық ұйымда дәрігерлік-консультациялық комиссиясының корытындысы негізінде 6 айдан 12 айға дейінгі мерзімге беріледі.

8.22. Білім алушыға академиялық демалыс келесі негіздерде де берілуі мүмкін:

- ауруына байланысты 6 айдан 12 айға дейінгі мерзімге амбулаторлық-емханалық ұйымда дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы;
- туберкулез кезінде 36 айдан аспайтын мерзімге туберкулеғе қарсы ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясының шешімі;
- әскери қызметке шақыру туралы бұйрық;
- баланың тууы туралы, үш жасқа дейінгі баланы асырап алу туралы растайтын құжатты ұсынғанда.

8.23. Білім алушыларға академиялық демалыс беру тәртібі «ОҚМА» АҚ Академиялық саясатымен айқындалады.

8.24. Аралық бақылауға (емтиханға) кешігіп келген немесе келмеген жағдайда білім алушы факультет деканының атына түсініктеме хат жазып, белгілі себептері бар анықтаманы қоса беруі қажет. Факультет деканы емтиханға жолдама жазып береді. Білім алушының аралық бақылауға (емтиханға) белгісіз себептермен кепшігіп келуі немесе келмеуі академиялық қарызға теңестіріледі.

8.25. Келесі оқу курсына ауыстырылған білім алушы академиялық қарызы болған жағдайда, келесі академиялық кезеңде және жазғы семестрде тиісті пәндерді ақылы негізде қайта оқиды.

8.26. Оқудағы жоғары ұлғерімі және қоғамдық, ғылыми іс-шараға белсенді қатысқаны үшін білім алушыларға мынадай ынталандырулар белгіленеді:

- алғыс хат;
- күрмет ғрамотасы.

8.27. Оқу тәртібін бұзған жағдайда, шарт талаптарын орындаған жағдайда, Ишкі енбек тәртібінің Ережелерін, «ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орындарды бөлу және орналастыру туралы Ережелердің, «ОҚМА» АҚ жарғысын, «ОҚМА» АҚ Академиялық саясатын және басшылықтың бұйрықтарын бұзған жайғдайда, деканның немесе тәртіптік комиссиясының ұсынысы бойынша білім алушыға келесі тәртіптік жаза қолдануы мүмкін:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- оқу орнына шығару.

8.28. Білім алушы «ОҚМА» АҚ-нан келесі жағдайларда шығарылуы мүмкін:

- академиялық ұлғермеушілік үшін;
- ОҚМА жарғысын, білім беру қызметтерін корсету туралы келісімшарт талаптарын, Академиялық саясатты, ОҚМА Академиялық адалдық және этиканы бұзғаны үшін,
- оқу ақысын толемегені үшін;
- оз еркімен,
- басқа оқу орнына ауысыгуна байланысты;

ONTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық кызмет белімі		E 044/201-2022
Ішкі еңбек тәртібінің ережесі		№ 3 басылым 20 беттің 14 беті

- жұмыс және жеке оқу жоспары мен жұмыс оқу бағдарламарының талаптарын орындамағанына байланысты қорытынды мемлекеттік аттсетацияға (заннамада белгіленген тәртіппен ақылы негізде қайта оқу курсын өту мүмкіндігімен) жіберілмеген жағдайда;

- бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны қарастыратын сот үкімі занды күшіне енген жағдайда;
- жоғары оқу орынын аяқтауына байланысты;
- қайтыс болуына байланысты.

8.29. Тәртіптік жаза қолдану алдында білім алушыдан жазбаша түсініктеме талап етілуі керек. Білім алушының түсініктеме беруден бас тартуы актімен ресімделеді. Бас тарту тәртіптік жаза қолдану үшін кедергі болып табылмайды.

9 «ОҚМА» АҚ ҒИМАРАТТАРЫНДАҒЫ ТӘРТІП

9.1. «ОҚМА» АҚ оқу ғимараттарында, жатақханаларында және басқа құрылымдық болімдерде тиісті тәртіп пен санитарлық-ғигиеналық жағдайды қамтамасыз етуді әкімшілік жүзеге асырады.

9.2. Кафедралар мен бөлімдердегі негізгі мүлік пен жабдықтардың сақталуына кафедра меншерушілері мен бөлім басшылары жауапты.

9.3. «ОҚМА» АҚ меншігіндегі барлық ғимараттар мен бөлмелерде мыналарға тыйым салынады:

- сырт киіммен, бас киіммен жүргуге;
- қатты сойлесуге, тыныштықты бұзуға, сабак кезінде дәліздерде негізсіз жүргуге;

- «ОҚМА» АҚ-ның іргелес аумақтарында, оқу ғимараттарында, студенттік жатақханаларда және клиникалық базаларда темекі шегуге, алкоғольдік нашақорлық немесе мастықтың басқа түрлерін тудыратын заттарды пайдалануға;

9.4. Өзінің ахуалына күмән келтіретін адамға, лауазымына қарамастан, наркологиялық диспансерде тексеруден өтуге дереу (сол күні) ұсынылуы керек. Ұсыныстан бас тартылған жағдайда тексеруден бас тарту туралы акт, сондай-ақ тиісті шаралар қабылдау үшін «ОҚМА» АҚ ректорының атына қызметтік хат жазылады.

9.5. Ректор, проректорлар, факультет декандары және олардың орынбасарлары деканаттардың жұмыс уақытына байланысты оқытушылар мен білім алушыларды қабылдау сагаттарын белгілейді.

9.6. «ОҚМА» АҚ әкімшілігі оқу орнының қауіпсіздігіп, құрал-жабдықтардың, инвентарьдың және басқа да мүліктің сақталуын, сондай-ақ «ОҚМА» АҚ меншігіндегі барлық ғимараттарында қажетті тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді.

9.7. «ОҚМА» АҚ бөлмелерінің, оқу кабинеттерінің, кабинеттерінің кілттері құзет қызметкерлерінде сақталады, кілттердің берілуі және тапсырылуы белгіленген үлгідегі тіркеу кітабында тіркеледі.

9.8. «ОҚМА» АҚ материалдық құндылықтары материалды-жаупты тұлғага сақтауға беріледі, онымен материалдық жаупкершілік туралы шарт жасалады

немесе тиісті журналға жазба жасалады. Материалды-жауапты тұлғалар жұмыстан босатылған кезде «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімдердің басшылары/кафедра менгерушілері материалдық құндылықтарды берудің уақытылы және дұрыс жүргізуіне жауапты болады.

9.9. Жұмыс уақытында «ОҚМА» АҚ-ның ПОҚ үшін медициналық халаттар мен төсбелгілері қоса алғанда бірынғай форма ұзынылады.

9.10. Оқу уақытында «ОҚМА» АҚ білім алушылары үшін бірынғай форма карастырылған: тізеден жоғары емес медициналық халат, ақ медициналық қалпақ, клиникалық кафедралардағы сабактарға тұрақты табаны бар ауысымды аяқ киім. «ОҚМА» АҚ білім алушылары мен қызметкерлері қайшылықсыз, субмәдениеттік, ұлттық немесе діни бағдар элементтерін, ашық макияжды, күшті парфюмерия иісін, көзге көрінетін пирсинг пен татуировканы қоспағанда, ұқыпты шаш үлғісін, ұзын шаштар жиналып, киімнің іскерлік стилін ұстануы керек.

9.11. Білім алушының сыртқы келбеті қоғамдағы іскерлік пен классикалық стильдің жалпыға бірдей қабылданған стандарттарына және қайши бөлшектерге сәйкес болуы керек:

- қысқа балақ шалбар мен леғгинсилердің барлық түрі;
- қысқа етекті юбкалар мен көйлектер;
- жағажай киімі мен аяқ киімі (қысқа майкілер, сланцы);
- арқаны және ініті ашатын, денеінің жаппайтын киім;
- ішкі киімді көзге көрсететін жұқа кінм;
- дене бөліктерін көрсететін жыртық джинсы;
- дененің ашық бөліктерінде пирсинг және татуировка;
- спорттық костюмдер (дене шынықтыру кезіндегі спорттық киімді қоспағанда).

9.12. Еңбек және оқу тәртібін нығайту, білім беру ұйымындарында және орналасу орындарында (жатақханаларда) және «ОҚМА» АҚ аумақтарында азаматтардың денсаулығы мен қауінсіздігін қамтамасыз еті мақсатында қол жеткізуді басқару мен басқарудың бірынғай автоматтандырылған (әрі қарай АБЖ) жүйесі енгізілген. АБЖ пайдалану ережелері «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімдерінің барлық қызметкерлері, білім алушылары және келупілдері үшін міндетті.

9.13. «ОҚМА» АҚ-да шекетеу шараларын, оның шіліде, бірақ онымен шектелмей, карантинді енгізу кезінде, ректордың бұйрығымен қызметкерлерге, білім алушыларға және келупілдерге бетперде режимі, әлеуметтік қашықтық және басқа да қауінсіздік шараларын сақтау бойынша талаптар енгізіледі.

Осы талаптарды орындау үшін жауапкершілік келесідей бөлінеді:

- кафедра менгерушісі – 1 студентке шаққанда 2,5 м 2 жобалық сыйымдылықты ескере отырып, аудиторияларға кестеге сәйкес жіберілген студенттер топтарын бөлу. Бұл талапты орындау мүмкін болмаған жағдайда, тиісті аудиторияны дер кезінде анықтау үшін жаспраланған сабактан бір күн бұрын факультет деканына және ОӘО басшысына жазбаша түрде хабарлау қажет.

- оқытушы – білім алушылардың сабак кезінде әлеуметтік қашықтықты сақтауын және бетперде кио талаптарын орындауын қадағалау. Білім алушылар

ONTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Ішкі еңбек тәртібінің ережесі	Е 044/201-2022
		№ 3 басылым 20 беттің 16 беті

шектеу шараларын орындаған жағдайда оқытушы тиісті акт жасайды және оны білім алушыны тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселені қарау үшін кафедра менгерушісіне және/немесе деканға қызметтік хатпен жібереді.

- білім алушы – «ОҚМА» АҚ гимаратында болған кезінде сабак уақытында және сабақтан тыс уақытта бетперде режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау талантарын орындау.

- декан/кафедра менгерушісі – білім алушылар мен оқытушылар тарапынан орын алған бұзушылықтарды анықтап, ректордың атына тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы қызметтік хаттарын ұсынады.

9.14. Осы талантарды бір рет бұзған жағдайда ауызша ескерту, жүйелі түрде бұзған жағдайда (3 реттен көп) сөгіс, кейіннен қатаң сөгіс жариялануы мүмкін. «ОҚМА» АҚ қызметкерлері мен білім алушылары шектеу шараларын бұзу фактілерін анықтаған кезде, бұл туралы деканға, кафедра менгерушісіне немесе «ОҚМА» АҚ әкімшілігіне хабарлайды. Шектеу шараларын бұзуды санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдары анықтаған жағдайда, бұзушылар жеке әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

10 БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОСУДЫ БАСҚАРУ (БЖҚБ)

10.1. Оқу орнының, орналастыру орындарының (жатақханалардың) жалпы қауіпсіздік деңгейін арттыру, еңбек пен оқу үдерісінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ мүліктің сакталуын қамтамасыз ету үшін «ОҚМА» АҚ-да БЖҚБ енгізілді.

10.2. БЖҚБ – бұл бір жағынан қол жеткізуді бақылауға және басқаруға арналған электронды оқу құралы және турникеттер, екінші жағынан пайдалануышының электрондық карталары.

10.3. Электрондық рұқсат карталарын, оларды қайтару шартымен, пайдалануды қамтамасыз ету мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- оқуға қабылданған тұлғаларға және жоо қызметкерлеріне жеке электронды рұқсат карталары жұмысқа тұрган немесе оқуға түскен кезде жеке басын куәландыратын құжат пен 3x4 см фотосуретін басқару және пайдалануды басқару жүйесіне жауапты тұлғага (Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығына) берген кезде беріледі. Жеке рұқсат карталарын қайтару қол жеткізуді бақылау және басқару жүйесіне жауапты тұлғага жұмыстан шығарылған, оқуды бітірген немесе шығарылған күні айналып өту парагында міндетті белгімен жүзеге асырылады;

- келушілердің «ОҚМА» АҚ гимаратына кіруі жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады және деректер «Келушілерді тіркеу журналында» күі мен уақыты, кімге және келу себебі көрсетілгеннен кейін ғана, күзет қызметкери «қонақ картасын» пайдалана отырып, келушіге тірнике ті ашуға құқылы.

10.4. Электрондық рұқсат карталары және БЖҚБ басқа әелементтері «ОҚМА» АҚ мешітігі болып табылады және тегін пайдалануға беріледі. Зақым келтіру,

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Онтыстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Кадрлық қызмет бөлімі</p> <p>Ішкі еңбек тәртібінің ережесі</p>		<p>E 044/201-2022</p> <p>№ 3 басылым</p> <p>20 беттің 17 беті</p>

жоғалту немесе қайтармау үшін кінәлілер жауапты болады және келтірілген зиянды заттай немесе ақшалай нысанда мұліктің қалдық құны бойынша өтейді.

10.5. Турникеттер «ОҚМА» АҚ аумағына қатаң түрде бір адамға арналған электронды карталар арқылы кіруді бақылауға арналған. Басқару пультінің түймесі арқылы турникетті ашу тек күзет қызметкерлеріне ғана рұқсат етіледі.

10.6. Турникет арқылы өту электронды картаны пайдаланушы жағында орналасқан құрылғыға әкелу қажет.

10.7. Картаны оқығаннан кейін рұқсат расталған жағдайда турникет индикаторында жасыл көрсеткіш жанады, рұқсат бермеген жағдайда турникет индикаторы қызыл болып жанады.

10.8. Электронды картаны оқу кезінде турникет индикаторы жауп бермесе немесе сигналды жасылға өзгерпесе, «ОҚМА» АҚ аумағына кіру үпін күзет қызметкерлеріне хабарласу керек, содан кейін КТБО-ның қол жеткізуді басқару жүйесіне жауапты тұлғасына пайдалануышының электрондық картасының жұмыс істемеуі туралы, қосымша нұсқаулар алынғанша, хабарлау керек. Күзет қызметкери турникеттің ашылғаны туралы журналға пайдалануышының аты-жөнін және жеке басын куәландыратын күжатты толық көрсете отырып жазба жасауга міндетті.

10.9. Электрондық картамен танысқаннан кейін «ОҚМА» АҚ аумағына кіру туралы деректер (Т.А.Ә. және құні/уақыты) «ОҚМА» АҚ серверіне жіберіледі, онда олар сақталады және қауінсіз кіру құпия сөзі арқылы «ОҚМА» АҚ басшылығы уәкілеттік берген тұлғаларға беріледі.

10.10. Күзет қызметкерлері келесі жағдайларда күзет бөлмелерінде орналасқан басқару пультінің түймесі арқылы турникетті ашуға құқылы:

- «ОҚМА» АҚ басшылығының тікелей бұйрығымен;

- «ОҚМА» АҚ ғимаратында адамдардың жаппай боуына байланысты жағдайларда: халықаралық конференциялар, семинарлар, экскурсиялар және басқа да ұйымдастыру шараларын өткізгенде;

- төтенше жағдайларды (өрттер, террористік актілер және адамдарды ғимараттан шұғыл эвакуациялауды талап ететін төтенше жағдайлардың басқа да факторлары, азаматтық қорғаныс жаттығулары).

10.11. «ОҚМА» АҚ қызметкерлері мен білім алушыларына мыналарға тыйым салынады:

- бір уақытта бір электронды картамен қосарланып өтуге;

- электрондық рұқсат карталарын жоғалтуға, басқа тұлғаларға беруге және басқа біреудің электрондық картасын пайдалануға;

- электрондық рұқсат картасын басқа мақсаттарда пайдалануға;

- турникет астымен жорғалап өтуге, немесе үстінен секіруге;

- әрінестерін, қонақтарын, келушілерді және бөтен адамдарды «ОҚМА» АҚ ғимаратына өзінің рұқсат картасымен кіргізуғе. Картаны басқа біреуғе беруге және басқа адамның картасымен өтуге;

- коршаулардың үстімен өтуге;

- турникетті сындыруға, бөгет қолдарының қоғалысына қарсы туруға;

<p style="text-align: center;">ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p style="text-align: center;">«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p style="text-align: center;">Кадрлық қызмет белімі</p> <p style="text-align: center;">Ішкі еңбек тәртібінің ережесі</p>	<p style="text-align: right;">Е 044/201-2022</p> <p style="text-align: right;">№ 3 басылым</p> <p style="text-align: right;">20 беттің 18 беті</p>

- турникеттерді ашық күйде ұстауға, бұрылышқа «көмектесу» үшін күш колдануға және электрондық карта істен шыққан жағдайда оны ашуға тырысуға;

- турникет арқылы ғабаритті емес заттарды, жәшніктерді, киім-кешекті және т.б. өткізуғе;

- құрылғыға зақым келтірмеу үшін ішінде электронды карталары бар сөмкелерді турникеттке басуға.

10.12. Бұзушылықтарды анықталған кезде күзет қызметкерлері мыналарға құқылы:

- мән-жайлар анықталғанға дейін «ОҚМА» АҚ ғимаратына кіруғе тыйым салуға, олардан пайдалану тәртібін бұзғаны үшін жеке электронды рұқсат картасын қайтарып алуға:

- бұзушылықтарға кінәлі тұлғалар өздерінің құрылымдық бөлімі арқылы «ОҚМА» АҚ ректорының атына түсіндірме хат жазады және қол жеткізуді бақылау және басқару жүйесіне жауапты тұлға (КТБО) арқылы қайталама электронық рұқсат картасын алады;

- «ОҚМА» АҚ басшылығы қол жеткізуді бақылау және басқару жүйесін пайдалану бойынша ішкі еңбек тәртібінің Ережелерін бұзуга кінәлі тұлғаларға тәртіптік жаза қолдануға құқылы.

11 БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ

11.1. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «ОҚМА» АҚ-да бейнебақылау жүйесі енгізілді.

11.2. Бейнебақылау жүйесі ашық түрде, келесі міндеттерді шешу үшін құрылған және бейнебақылау камералары арқылы жұмыс істейді:

- оқу процесінің қауіпсіздігін қаматамасыз ету үшін жағдау жасау, қауінті жағдайлар туындаған кезде дер кезінде әрекет ету, төтенше жағдай кезінде оқу процесіне қатысушыларға коиек корсету және өорғау бойынша қажетті шараларды қабылдау;

- білім беру процесіне қатысушыларды олардың физикалық және мүліктік қауіпсіздігін заңсыз әрекеттерден қорғау;

- жәбірленушілерге мүліктік және физикалық зиян келтіру мүмкін заңсыз әрекеттерді құжаттау;

- қылмыстық немесе азаматтық сот ісін жүргізуде заңға қайшы әрекет жасау фактісін раставу, сондай-ақ құқыққа қарсы әрекетті жасаған адамды анықтау үшін бейне жазбаларды дәлелдемелер ретінде пайдалану;

- ЖОО аумағында болуы мүмкін террористік, экстремистік әрекеттердің және басқа да заңсыз көріністердің алдын алу;

- «ОҚМА» АҚ аумағына және ғимараттардың ішіне бояғде адамдар мен көліктердің рұқсатсыз кіруінен қорғауды қамтамасыз ететін жағдайды бақылау;

- «ОҚМА» АҚ мүлкіне, қызметкерлер мен мердігерлердің жеке мүлкіне зиян келтіру жағдайларын азайту.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <small>- 1979 -</small>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі		E 044/201-2022
Ішкі еңбек тәртібінің ережесі		№ 3 басылым 20 беттің 19 беті

11.3. Бейнебақылау жүйесі белгілі бір субъектің жеке деректері туралы акпаратты жинауга бағытталмаған.

12 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

12.1. «ОҚМА» АҚ барлық қызметкерлері мен білім алушылары ережелермен таныс болуы керек. Барлық қызметкерлер мен білім алушылар Ережеде белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.


12.2. Осы Ережелерді «ОҚМА» АҚ жұмыс берушісі, қызметкерлері мен білім алушылары міндетті түрде орындауы қажет.

12.3. Осы Ережелерді, Ережеге енгізілетін озгерістер мен толықтыруларды Ғылыми Кеңес қабылдайды, «ОҚМА» АҚ ректоры бекітеді және ол қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

12.4 «ОҚМА» АҚ қызметкерлері мен білім алушылары танысуы және орындауы үшін осы Ережелер ресми вэб-сайтта <https://skma.edu.kz/> орналастырылуы тиіс.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	E 044/201-2022
Ішкі еңбек тәртібінің ережесі	№ 3 басылым 20 беттің 20 беті





Әзірледі:

Қызметі	Т.А.Ж.	Күні	Колы
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабишаев О.А.	25.08.2022	
Кадрлық қызмет бөлімінің менгерушісі	Елеусизова Г.Л.	25.08.2022	

Тексерді:

Қызметі	Т.А.Ж.	Күні	Колы
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің менгерушісі	Ержанов Н.А.	25.08.2022	

Келісілді:

Қызметі	Т.А.Ж.	Күні	Колы
Бірінші проректор	Есиркепов М.М.	29.08.2022	
Каршы-шаруашылық қызметі жөніндегі проректор	Сейтжанова Ж.С.	25.08.2022	
Оку-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор	Анартаева М.У.	29.08.2022	
Қаржы-экономикалық басқарма басшысы – бас бухгалтер	Баймбетова Да.А.	29.08.2022	
Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасының басшысы	Сәлім Е.К.	29.08.2022	
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығының басшысы	Үксикбаев М.Т.	26.08.2022	
Әкімшілік-шаруашылық департаментінің директоры	Юнусов С.К.	29.08.2022	
ТЖ, әскери-жұмылдыру жұмыс және АҚ бөлімінің менгерушісі	Усенов И.С.	29.08.2022	
Комплаенс-оффнер	Пернебаев Н.А.	30.08.2022	